

Переспективалық күнтізбелік жоспар

(Мектепалды «Қарлығаш» тобы)

2022-2023 оқу жылы

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы
негізінде 2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған
іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы : Т.О.О « Инсар Компаниясы» «Ар-Дана» балабақшасы

Топ/сынып: Мектепалды «Қарлығаш» тобы

Балалардың жасы 4-5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 2022-2023 оқу жылы

Дене шынықтыру ұйымдастырылған қызметінің перспективалық жоспары

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекетінің міндеттері
Қыркүйек айы 1-апта	<p>1. Негізгі қимылдар: Жүру. Сапта бір-бірден, екеуден, үшеуден жүру; аяқтың ұшымен, аяқтың ішкі және сыртқы қырымен жүру; тізені жоғары көтеріп жүру, заттардан бір қырымен аттап жүру; белгі бойынша басқа бағытқа бұрылып жүру, 2) Жүгіру: шашырап; жұптасып, бір қатармен, заттарды аттап, бір сызыққа қойылған заттар арасымен "жыланша" ирелендеп, кедергілерден өту арқылы, табиғи жағдайларда кедергілерден өту арқылы, түрлі жылдамдықпен – баяу, жылдам, орташа қарқынмен 1,5–2 мин тоқтаусыз жүгіру 3. Жүгіру. Шашырап, жұппен, қатармен бір-бірден, екеуден, үшеуден тізені жоғары көтеріп жүгіру; бір сызыққа қойылған заттардың арасымен, кедергілердің арасымен өту арқылы «жыланша» жүгіру.</p>
	<p>1.Негізгі қимылдар: Тепе-теңдікті сақтау. Заттардан аттап жүру, шектелген жазықтықтың үстімен қосалқы қадаммен, аяқтың ұшымен жүру. Скамейканың үстіне қойылған текшелерден аттап жүру, арқан бойымен бір қырымен, қосалқы қадаммен (өкшені арқанға, аяқ ұшын еденге қою) жүру 2.Секіру. бір орында тұрып, алға қарай 3–4 м қашықтыққа жылжу арқылы секіру, екі тізенің арасына қапшықты қысып</p>

алып, түзу бағытта (арақашықтығы 6 м) қос аяқпен секіру; қос аяқпен заттардың арасымен (арақашықтығы 4 м), оң және сол аяқты алмастырып, заттардың арасымен (арақашықтығы 3 м), бір орында тұрып биіктікке секіру (6-8 метр);

3. Жалпы дамытушы жаттығулар.

Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар. Қолды кеуде тұсына қою, екі жаққа созу; қолды жоғары көтеру және екі жаққа созу, қолды желкеге қою. Саусақтарды айқастырып, алға-жоғары көтеру (қолды сыртқы жағымен ішке қарай бұру). Қолды кезек жоғары-артқа көтеру.

1. Негізгі қимылдар:

Еңбектеу, өрмелеу. Жүру мен жүгіруді алмастырып, заттардың арасымен «жыланша» төрттағандап еңбектеу, кедергілер арасынан еңбектеу; допты басымен итеріп, төрттағандап еңбектеу (арақашықтығы 3-4 м); гимнастикалық скамейка бойымен қолымен тартылып, иықтары мен тізелеріне сүйене отырып, етпетімен өрмелеу.

2. Бірнеше заттардан еңбектеп өту, әртүрлі тәсілдермен құрсаудың ішіне еңбектеп өту, гимнастикалық қабырғамен өрмелеу және бір гимнастикалық қабырғадан екіншісіне ауысып өрмелеу.

Лақтыру, қағып алу, домалату.

3. Допты жоғары, жіптің үстінен лақтыру және екі қолымен, бір қолымен (оң және сол қолын алмастыру) қағып алу; допты бір қатарға қойылған заттардың арасымен домалату, допты қабырғаға лақтыру және екі қолымен қағып алу; 2-2,5 м арақашықтықтағы нысанаға құм салынған қапшықты, асықты лақтыру, допты екі қолымен бір-біріне (арақашықтығы 1,5-2 м) басынан асыра лақтыру, допты екі қолымен заттардың арасымен (арақашықтығы 4 м) жүргізу, допты лақтыру және алға қарай жылжып, екі қолымен қағып алу (арақашықтығы 4-5 м).

Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру. Сапқа бір, екі, үш қатармен тұру, бір-бірінің жанына және бір-бірінің артынан сапқа тұру, орнында айналу, оңға, солға бұрылу, сап түзеп, бір және екі, үш қатармен қайта тұру.

2-апта

1. Негізгі қимылдар:

Кеудеге арналған жаттығулар. Допты жоғарыдан (алға және артқа) бір-біріне беру. Қолды алға көтеріп оңға, солға бұрылу. Гимнастикалық қабырғаға қарап тұрып, белінің тұсындағы тақтайшаны ұстап, алға еңкею. Гимнастикалық қабырғаға арқасымен сүйеніп тұрып, белінің деңгейіндегі рейкадан ұстап, аяқты кезектестіре бұғу және тік көтеру. Алға еңкейіп, алақанын еденге тигізу.

Қимылды ойындар.

2. Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру.

Ұлттық қимылды ойындарды ойнату.

3. Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу.

Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру

Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.

Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол - аяқтарын жуу, тіс

тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл шүберекпен сүртіну. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.

1. Кеудеге арналған жаттығулар. Артқы жағынан қолды айқастырып көтеру; қолды жоғары көтеріп, жан-жаққа бұрылу. Отырып алға қарай еңкею, тізерлеп тұрып алға еңкею.

Қолдың күшін жетілдіруге арналған жаттығулар. 3-5 метр қашықтықта екі қолын жерге қойып, жүру (бір бала екінші баланы аяғынан ұстайды).

Іштің бұлшық еттеріне арналған жаттығулар: екі бала жұптасып жасайды: бірінші бала қолын желкесіне қойып, шалқасынан жатып, денесін көтереді, екінші бала оның аяғына отырады (5-6 рет); гимнастикалық қабырғада қолдарымен тартылып тұрып, аяқтарын көтеру (5-6 рет).

2. Спорттық жаттығулар

Дене шынықтыру мен спортқа қызығушылықты ояту және дене шынықтырумен, спортпен айналысуға баулу. Спорт түрлерімен таныстыруды жалғастыру. Спорт залда және спорт алаңында қауіпсіздікті сақтауға баулу.

Шанамен сырғанау. Бір-бірін шанамен сырғанату, төбешіктен бір-бірлеп және екі-екіден шанамен сырғанау;

3. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру

Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау.

Өзіне – өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру.

Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу.

Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру.

1. Негізгі қимылдар:

Кеудеге арналған жаттығулар.

Іштің бұлшық еттеріне арналған жаттығулар: екі бала жұптасып жасайды: бірінші бала қолын желкесіне қойып, шалқасынан жатып, денесін көтереді, екінші бала оның аяғына отырады (5-6 рет); гимнастикалық қабырғада қолдарымен тартылып тұрып, аяқтарын көтеру (5-6 рет).

Арқаға арналған жаттығулар: отырып алға, артқа еңкею (5-6 рет), стретчинг элементтері бар жаттығуларды орындау, қолдың көмегімен етпетінен жатып еңбектеу (3 метр), аяқтың ұшына көтерілу, қолды алға созып, жартылай отырып-тұру (2-3 рет); қолды тізеге қойып отырып-тұру; аяқтың ұшымен ұсақ заттарды жылжыту.

2. Спорттық жаттығулар

Дене шынықтыру мен спортқа қызығушылықты ояту және дене шынықтырумен, спортпен айналысуға баулу. Спорт түрлерімен таныстыруды жалғастыру. Спорт залда және спорт алаңында қауіпсіздікті сақтауға баулу.

3. Сырғанау. Өз бетінше мұзды жолмен сырғанау, жүгіріп келіп сырғанау;

Шаңғымен жүру. Бірінің артынан бірі ауыспалы қадаммен алға жылжу, оң және сол аяқтарымен сырғанау. Бір орнында

	<p>тұрып оңға, солға бұрылу, айналу; Дербес қимыл белсенділігі Қыс мезгілінде мұзды жолдармен сырғанауға, шаңғымен жүруге, хоккей ойындарына, шанамен сырғанауға, ал көктем, жаз мезгілдерінде велосипед тебуге, футбол, бадминтон, баскетбол ойындарына жағдай жасау.</p>
3-апта	<p>1.Салауатты өмір салты туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Адам ағзасы және оның қызметінің ерекшеліктері туралы түсініктерді кеңейту. Балалардың назарын ағзасы мен денсаулығының ерекшеліктеріне аудару. Салауатты өмір салтының маңызды компоненттері: дұрыс тамақтану, қимылдар, ұйқы және күн, ауа мен су және денсаулыққа зиян келтіретін факторлар туралы түсініктерді кеңейту. 2.Адамның денсаулығы дұрыс тамақтануға байланысты екені туралы түсініктерді жетілдіру. Адамның денсаулығына гигиена мен күн тәртібінің ықпалы туралы түсініктерді кеңейту. Науқасқа күтім жасау дағдыларын қалыптастыру: оған қамқорлық жасау, шуламау, оның өтініштері мен тапсырмаларын орындау. Науқастарға жанашырлық танытуға тәрбиелеу. 3.Өзінің көңіл-күйін сипаттай білуге үйрету. Балаларды дені сау адамның мүмкіндіктерімен таныстыру, олардың салауатты өмір салтына деген қажеттілігін қалыптастыру.</p>
	Дұрыс бастапқы қалыпта тұрып, көлбеу қойылған нысанаға ұсақ заттарды лақтыруға үйрету
	Алақан мен тізеге таянып, гимнастикалық орындық үстінде еңбектеу, сапты бұзбай және бағыттарын сақтап, қайта сап түзеп жүру машықтарын арттыру
4-апта	Музыка әуенімен нұсқауларды аса дәлдікпен орындау машықтарын, секіру машықтарын арттыру

	<p>Бөрененің үстімен оң-сол жанына қарай қырындап жүріп өтуде тепе-теңдік сақтауға үйрете түсу – дене бітімінің ақауларының алдын алу</p>
	Допты жоғары лақтырып, еденге түсіп, қайтадан ыршыған допты екі қолмен қағып алу, жоғарыға лақтырған допты саусақтарды ашып, допты қағып алу машықтарын жетілдіру
Қазан айы 1-апта	<p>Жерде созылып жатқан арқан үстінде бір бүйірмен динамикалық тепе-теңдікті сақтап жүруге үйретуді жалғастыру. Бір қатарға қойылған заттар арасымен доптарды домалатып алып жүру дағдыларын бекіту</p>
	Екі жаққа тартылған жіптің астымен қолды еденге тигізбей бір бүйірмен өту шеберліктерін (машықтарын) жетілдіру. Допты бастан асыра ұстап, екі қолмен бір-біріне лақтыруға жаттықтыру; допты ашылған саусақтарымен қағып алу шеберліктерін (машықтарын) дамыту

	Қолды еркін қозғап, жүргізуші мен бағытты өзгертіп, баяу қарқынмен жүгіруді үйрету. Қысқа секіртпемен секіруге үйретуді жалғастыру, қолдарымен секіртпені шеңбер бойымен және тік айналдыра білу іскерліктерін дамыту.
2-апта	- Тізбекпен жүру, жүгіруге, құрсаудан-құрсауға өтуге жаттықтыру. Қозғалыс кезіндегі қол мен аяқтың қимылдарын жалғастыру. Бір орыннан ұзындыққа секіруді бекіту
	-Бағытты өзгертіп, баяу қарқынмен жүгіруге үйретуді жалғастыру, қолдарын еркін, үйлесімді қозғап, ырғақпен, қарқынды баяулатпай жүгіре білу іскерліктеін дамыту. Белгіленген жерден шұңқырға секіруге үйрету. Табандарын белсенді түрде июге үйрету, көзімен мөлшерлей білу қабілеттерін дамыту
	- Шапшаңдық, ептілік, тәртіптілік, жинақылық секілді дене сапаларын дамыту. Салауатты өмір сүруге баулу. Өздерінің денсаулықтарына қамқорлықпен қарауға дағдыландыру
3-апта	- Эстафета элементтерін пайдаланып, қимыл-қозғалыс тәжірибелерін толықтыру, бұйрық бойынша тапсырмаларды орындау шеберліктерін (машықтарын) қалыптастыру, өзінің жеке қызығушылықтарын команда қызығушылықтарына бағындыру.
	- Малдас құрып отырып, бір-біріне допты бастан асыра лақтыруға және допты саусақтарын ашқан күйде қағып алуға үйрету. Бір бүйірмен арқаннан екі аяқпен секіруге жаттықтыру.
	- Жерден екі аяқпен бірдей итерілуге жаттыға түсу, ұзындыққа секіруді бекіту. Кеңістікті бағдарлау дағдыларын, өз денсаулығын сақтау құндылығын арттырып, спортпен шұғылдануға қызығушықты қалыптастыру.
4-апта	-Өртүрлі жүру түрлерімен жүруге үйретуді жалғастыру (аяқты айқастырып жүру, отырып және жартылай отырып жүру, артпен жүру – 4 метр), қолдарының үйлесімді ырғақпен қозғалу шеберліктерін (машықтарын) дамыту
	- Допты сапта тұрып кеуде тұсынан алысқа лақтыруға үйрету, күш секілді дене сапасын дамыту. Өртүрлі жүру түрлерінің дұрыс техникасын үйретуді жалғастыру. Сапқа қайта тұруды уақытқа мөлшерлеп тұру дағдыларын жетілдіру.
	-Допты сапта тұрып кеуде тұсынан алысқа лақтыруға жаттықтыруды жалғастыру, допты алдыға, жоғары лақтыра білу шеберліктерін (машықтарын) дамыту. Өртүрлі жүгіру түрлерінің дұрыс техникасын үйретуді жалғастыру. Залдың ортасы арқылы сапқа қайта тұру дағдыларын жетілдіру

Қараша айы 1-апта	-Заттар арасымен алақан мен тізеге таянып еңбектей алу шеберліктерін (машықтарын) бекіту. Шұңқырға секіру жаттығуларын орындату: орындықтан аяқты жартылай бүгіп секіре білу және тепе-теңдік сақтай білу шеберліктерін (машықтарын) бекіту.
	- Екі жаққа тартылған жіптің астымен қолды еденге тигізбей бір бүйірмен өту шеберліктерін (машықтарын) жетілдіру. Допты бастан асыра ұстап, екі қолмен бір-біріне лақтыруға жаттықтыру; допты ашылған саусақтарымен қағып алу шеберліктерін (машықтарын) дамыту
	-Оң және сол қолмен алысқа лақтыруға үйрету, қолды айналдырып алдымен төмен түсіріп, сонан соң көтеріп, түзу ұстап артқа жіберіп барып лақтыру шеберліктерін (машықтарын) дамыту..
2-апта	- Баяу қарқынмен жүгіруге үйрету, қозғалыс қарқынын сақтап жүгіру және аяқты өкшеден аяқтың ұшына қарай басып жүгіру дағдыларын бекіту. Жүгіру барысында қолдары мен иықтарын бос ұстап жүгіруге баулу.
	-Бағытты өзгертіп, баяу қарқынмен жүгіруге үйретуді жалғастыру, қолдарын еркін, үйлесімді қозғап, ырғақпен, қарқынды баяулатпай жүгіре білу іскерліктеін дамыту. Белгіленген жерден шұңқырға секіруге үйрету. Табандарын белсенді түрде июге үйрету, көзімен мөлшерлей білу қабілеттерін дамыту
	Шапшаңдық, ептілік, тәртіптілік, жинақылық секілді дене сапаларын дамыту. Салауатты өмір сүруге баулу. Өздерінің денсаулықтарына қамқорлықпен қарауға дағдыландыру
3-апта	- Эстафета элементтерін пайдаланып, қимыл-қозғалыс тәжірибелерін толықтыру, бұйрық бойынша тапсырмаларды орындаушеберліктерін (машықтарын) қалыптастыру, өзінің жеке қызығушылықтарын команда қызығушылықтарына бағындыру.
	- Малдас құрып отырып, бір-біріне допты бастан асыра лақтыруға және допты саусақтарын ашқан күйде қағып алуға үйрету. Бір бүйірмен арқаннан екі аяқпен секіруге жаттықтыру.
	- Жерден екі аяқпен бірдей итерілуге жаттыға түсу, ұзындыққа секіруді бекіту. Кеңістікті бағдарлау дағдыларын, өз денсаулығын сақтау құндылығын арттырып, спортпен шұғылдануға қызығушықты қалыптастыру.
4-апта	-Әртүрлі жүру түрлерімен жүруге үйретуді жалғастыру (аяқты айқастырып жүру, отырып және жартылай отырып жүру, артпен жүру – 4 метр), қолдарының үйлесімді ырғақпен қозғалу шеберліктерін (машықтарын) дамыту
	- Балалаларды хоккей ойынымен таныстыру, қозғалысқа дұрыс бастама болатын бастапқы қалыпқа дұрыс тұруды үйрету. Шайбаны ілгері бағытта алып жүруге үйрету

	Түрлі қарқынмен жүру және жүгіру. Жіптің үстімен текшелерден аттап жүру. Допты қабырғаға ұрып және еденнен ыршытып, қос қолмен қағып алу. Қос аяқтап заттар арасымен секіру.
Желтоқсан айы 1-апта	- Балалар арасындағы достық қарым-қатынасты орнатуға және ұжымның ұйымшыл болуына жағдай ау.
	- Допты оң және сол қолмен еденге кезекпен ұруды жаттықтыруға жалғастыру
	- Доппен орындалатын жаттығулардың маңызы туралы түсініктерін толықтыру және жалпы қозғалыстар туралы танымдық көзқарастарын дамыту
2-апта	- Түзу жүріп, допты бір қолмен соғып жүруге үйрету. Доппен орындалатын қозғалыс түрлеріндегі іскерліктерді дамыту.
	- Баланы сезіну (сенсорлы) үдерістері арқылы және қимыл- қозғалыстарын үнемі толықтырып отырып дамытуға жағдай жасау
	- Малдас құрып отырып, ұсақ заттарды (асықтарды) лақтырып, оны қайтадан қағып алуға үйрету
3-апта	- Гимнастикалық орындық үстінде асықтарды алдында, артында ұстап, тепе-теңдік сақтап жүру
	- Қимыл әрекеттің дұрыс басталуының кепілі болатын бастапқы қалыпқа дұрыс келуге, шайбаны ілгері бағытта ұшыруға үйрету
	- Өкшемен отырып, ұсақ заттарды (тастарды) лақтырып, оны қайтадан қағып алу шеберліктерін (машықтарын) бекіту. Көзмөлшерлеуін, ептілік, төзімділік секілді дене сапаларын дамыту
4-апта	- Ұлттық ойындарға деген қызығушылықтарын ояту.
	- Баланың кинестикалық (көру мен тыңдау арқылы қабылдауы) қабілеттерін дамыту. 2.5 м арақашықтықта бір-біріне доп лақтырып, доптың ұшуын бақылауға, ұшып келе жатқан допты қолды бүккен күйде қағып алуға үйрету.
	- Із салынған суреттің үстін басып жүруге жаттықтыруды жалғастыру.
Қаңтар айы	- Гимнастикалық қабырғада әртүрлі тәсілмен өрмелеу. Бір орында тұрып биіктікке түрлі тәсілдермен секіруге (30 см) үйрету

1-апта	- Заттар арасымен (томаршалар) және заттарды аттап жүру және жүгіруді жалғастыру, жерде созылып жатқан арқан үстімен басқа зат қойып, тепе-теңдік сақтап жүруге жаттықтыру
	- Екі жақтан бір-біріне қарама-қарсы келіп, орындық ортасынан кері бұрылып қайтуды бекіту
2-апта	- Шұңқырға секіру: 30 см биік заттың үстінен белгіленген жерге дәл секіріп түсулерін бекіту
	- Балаларды шаңғымен жүрумен таныстыру, қозғалысқа дұрыс бастама болатын бастапқы қалыпқа дұрыс келуді үйрету
	- Шынтақтарын бүгіп, қысқа адыммен және бірқалыпты ырғақпен жүгіру шеберліктерін (машықтарын) жетілдіру. Еркін бағытта футболдарды (доптарды) домалатуға жаттықтыру
3-апта	- Тартылып қойылған 5 жіп арқылы кезекпен секірулерін бекіту: екі аяқпен итеріліп, жерге аяқтың ұшымен түсіп, сонан соң толық табанмен түзу тұра білу шеберліктерін (машықтарын) қалыптастыру
	-) Қимыл-қозғалыс қабілеттерін, жалпы шыдамдылықтарын, дұрыс тыныс ала білулерін дамыту
	- Отырған күйде допты екі қолмен бастан асыра лақтыруға үйрету.
4-апта	Ұлттық ойындарды ойната отырып, балаларды тәрбиелеу. Жарыстырып ойнату, жаттықтыру. Өткенді пысықтау. Ұқыптылыққа, жанашырлыққа, ептілікке, жылдамдыққа баулу.
	Тізені жоғары көтеріп жүру, шашырап жүгіру. Тізенің арасына қапшықты қысып, қос аяқтап секіру. Шектелген беткей үстімен адымдап, аяқ ұшымен тепе-теңдікті сақтап жүру.
	- Доп ұстаған қолды бастан асыра артқа жіберіп, доптың траекториясы алдыға, жоғары дұрыс ұшу үшін, бүгілген қолды түзу ұстап, допты лақтыру шеберліктерін (машықтарын) қалыптастыру
Ақпан айы 1-апта	- Іші толтырылған допты алысқа бір қолмен лақтыруға үйрету: қолды алдыға, жоғары созып, ширақ сермеп, доптың ұшу траекториясын дұрыс беру және бастапқы қалыпқа қайтадан тұра білу шеберліктерін (машықтарын) қалыптастыру.
	- Өмірге, қоршаған ортаға деген жағымды көзқарастарын қалыптастыру, айналаға және өзін қоршаған адамдарға қайырымды болуға тәрбиелеу
	- Қозғалыс міндеттерін шешуде қимыл-қозғалыстарын үйлестіре білу шеберліктерін (машықтарын) қалыптастыру

2-апта	<p>- Сапта тұрып бір-екі санаққа санауға және сапта тұрып түзелуге үйрету. 30 см биік заттар арқылы кезекпен секіруге үйретуді жалғастыру.</p> <p>- Дене қимыл жаттығуларын біртіндеп көбейте отырып, төзімділік пен жаттыққандықты арттыру. Бір аяқпен мейлінше ұзақ сырғи білуді жалғастыру</p>
3-апта	<p>- Сапты бұзбай бірінші-екінші деп саналуға үйрету. Бір қолмен допты еденге соғуды үйретуді жалғастыру</p> <p>- допты алақанды ашып қағып алу, кеудеден саусақтардың басымен итеріп лақтыру және аяқтың қасында еденге қырындап бір қолмен соғуға дағдыландыру</p> <p>- Жүріп келе жатып биіктігі 20 см әртүрлі 6 заттан рет-ретімен секіріп өтуді, шапшаң сермеп лақтыру, секіргенде жартылай бүгілген аяқпен жұмсақ түсуді бекіту</p> <p>- Қар кесегін көлденең нысанаға лақтыруды үйрету. Қолды жоғары, алға белсенді шығара отырып, айналдыра қимылдату арқылы сермеп лақтыруға дағдыландыру</p>
4-апта	<p>Арақашықтықты сақтап, бір қатарда тұруға үйрету. Денсаулығы шымыр азамат етіп тәрбиелеу. Өрмелеудің әдіс – тәсілдерін үйрету</p> <p>Қолды жерге тигізбей шығыршықтан тура және бір бүйірмен өтуді үйрету. Тізені жоғары көтере отырып, секіргіштен аттап жүру, үш қатарға қайта сап түзеу арқылы баяулатып жүгіру. Допты бір қолмен еденнен ыршытып, қос қолмен қағып алу, бір қолымен жоғары лақтырып, бір қолымен қағып алу.</p> <p>Гимнастикалық орындықтан белгіленген орынға сәл бүгілген аяқпен жайлап секіріп түсуді бекіту. Қимыл үйлесімдігін дамыту. Кедр-бұдыр жолдармен жүруді үйрету.</p>
Наурыз айы 1-апта	<p>- Тік баспалдақ сатыларымен жорғалауға жаттығу. Қол мен аяқтың қимыл үйлесімдігін дамыту.</p> <p>- Өз халқының мәдениетін құрметтеуге тәрбиелеу. Қозғалыс тәжірибесін эстафеталардың ережелерін сақтай отырып орындауда қолдана білуге баулу</p>

	- Заттарды тік нысанаға лақтыруды үйрене түсу, иықтан жоғары алға қарай шұғыл шығарып, қолды айналдыра сермеп лақтыру дағдыларын дамыту
2-апта	- Қатар-қатар қойылған таяқтардан екі аяқтап аттап секіруге жаттығу, екі аяқты бірдей жазып барып итерілу арқылы құламай түсу, қол мен аяқтың қимылын үйлестіруді дамыту
	- Заттарды тік нысанаға лақтыруды үйрене түсу, иықтан жоғары алға қарай шұғыл шығарып, қолды айналдыра сермеп лақтыру дағдыларын дамыту
	- Өз денесін басқаруды жалғастыру, қолға доп ұстап жатып етпетінен арқаға аунап ілгері қозғалу. Ептілік, күштілік пен төзімділікті дамыту
3-апта	- Жүгіріп келіп биіктікке секіруді дұрыс орындауға үйрету, екпін алып жүгіру мен белгіленген орыннан итеріліп секіруді үйлестіруге үйрену
	- Көлденең нысанаға асық лақтыру дағдаларын жалғастыру. «Түзу қолмен төменнен» лақтыруды орындап жаттығу.
	Гимнастикалық қабырғада әртүрлі тәсілмен өрмелеу бір орында тұрып биіктікке түрлі тәсілдермен секіруге (30 см) үйрету. Заттар арасымен (томаршалар) және заттарды аттап жүру және жүгіруді жалғастыру, жерде созылып жатқан арқан үстімен басқа зат қойып, тепе-теңдік сақтап жүруге жаттықтыру. Екі жақтан бір-біріне қарама-қарсы келіп, орындық ортасынан кері бұрылып қайтуды бекіту
4-апта	Шұңқырға секіру: 30 см биік заттың үстінен белгіленген жерге дәл секіріп түсулерін бекіт Балаларды шаңғымен жүрумен таныстыру, қозғалысқа дұрыс бастама болатын бастапқы қалыпқа дұрыс келуді үйрету. Қимыл-қозғалыс қабілеттерін, жалпы шыдамдылықтарын, дұрыс тыныс ала білулерін дамыту
	Түрлі қарқында бір қатармен, қозғалыс бағытын өзгертіп, заттар арасымен жүру, «жыланша» ирелендеп, кедергілер арасымен жүгіру. Тізенің арасына қапшықты қысып, қос аяқтап секіру. Допты бір қатарға қойылған заттар арасымен домалату.
	Түрлі қарқында бір қатармен, қозғалыс бағытын өзгертіп, заттар арасымен жүру, «жыланша» ирелендеп, кедергілер арасымен жүгіру. Тізенің арасына қапшықты қысып, қос аяқтап секіру. Допты бір қатарға қойылған заттар арасымен домалату.
Сәуір айы 1-апта	- Көлбеу тақтайға жүгіріп шығу, түсу, биіктегі салмақ түсіру, тірелу нүктесінде тепе-теңдік сақтауға дағдыландыру
	- Тік нысанаға заттарды лақтырып, тура ортасына тигізу; түрлі қимылдарды қосып орындауға жаттықтыру

	- Заттардың арасымен дұрыс жүгіруді жалғастыру. Өз денесін басқаруды, арқаннан ұстап салбырап тұруды, ептілік, өз бетімен әрекет ету, күштілікті дамыту
2-апта	- Еліміздің тарихына қызығушылығы мен ұлт дәстүріне деген құрметке, басқаларға көмек бере білу, өз мүддесінен команданың мүддесін жоғары қоюға тәрбиелеу
	- Баланың қимыл жүйесінің жаттыққандығын қимылын түзете отырып жақсарту, психо-физиологиялық және жеке қасиеттерін жалғастыру
	- Қатар-қатар 20-30-40 см көтеріліп қойылған сырықтардан бауырымен жорғалап өтуде ең ыңғайлы тәсілдерді тауып қолдануға баулу
3-апта	- Құбылмалы жағдайларға байланысты әрекет етуде түрлі тактикаларды қолданып, қимыл еркіндігінің деңгейін арттыру
	-40-30-20 см биіктіктегі арқандардың астынан өту, 20-30 см биіктіктегі арқанның үстінен секіріп өтудегі жоғары нәтижеге жету үшін ең тиімді жолдарын таңдай білуге үйрету
	- Табиғатқа, қоршаған ортаға деген махаббатымен жылдың кез келген кезінде еңбекті сүйеге баулу
4-апта	- Бала ағзасының кинестикалық (қимылды сезу) және кеңістіктік (ағзаның бөліктерін сезіну) факторларын, ұсақ моториканы қалыптастыру
	-Белгілі бір деңгейге көтерілген арқандардың астынан өту мен арқанның үстінен секіріп өтудегі жоғары нәтижелерге жету үшін ең тиімді жолдарын таңдай білуге, арқанмен орындалатын әрекет түрлерін тез ауыстырып, қиындықсыз бір әрекеттен екінші әрекетке кірісіп кете алуға үйрену
	- Қозғалыс әрекеттерінің тиімділігін арттыруға жағдай жасау. Допты себетке дұрыс лақтыруға, бастапқы қалыпқа тұруға, аяқты жазып барып доп лақтыруға дағдыландыру.
Мамыр айы 1-апта	- Қозғалу және естіп есте сақтауды қалыптастыруды жалғастыру. Сенсомоторлық үйлесімділікті дамыту
	- Қимыл әрекеттердің еркін орындалуын, себетке допты аяқты бүгіп, жаза келе дәлдеп лақтыруды, бастапқы қалыпқа дұрыс келе білуді үйрету
	- Кең адымдап жүгіруді, гимнастикалық қабырғаға аяқты аяқтың қасына қоя отырып, қиғаштап қозғалып өрмелеп, алма-кезек адымдап түсуді жалғастыру

2-апта	- Қимыл әрекеттерді еркін орындауға, қалашықты ұратын таяқтың жер бауырлап ұшуына екпін беруге үйрету. Допты бір-біріне басынан асырып лақтыру
	- Қимыл әрекеттерді еркін орындау дағдыларын айналмалы жаттығулар арқылы дамыту
	- Шапшаң әрекет ету мен зейіндерін дамыту. Модульдерде тұрып тепе-теңдік сақтау мен өз денесін еркін басқаруын қалыптастыру
3-апта	- Қимыл әрекеттерді еркін орындау дағдыларын айналмалы жаттығулар арқылы дамыту
	- Қимыл әрекеттерді еркін орындау дағдыларын спорттық ойындар арқылы дамыту
	- Биіктігі 15 см модульге орыннан аяқпен итеріліп, қолымен сермеп көмектесе отырып секіріп шығу.
4-апта	Баланың қимыл-қозғалыс жүйесі мен арнайы даму факторларын интеграциялау, қолға арналған жаттығуларды жүріп келе жатып орындау, қол мен аяқ қимылдарын үйлестіре отырып үзіліссіз баяу жүгіру дағдыларын қалыптастыру
	- Балалардың спорттық жаттығулар түріндегі түрлі қимылдар туралы түсінігін кеңейту
	- Айналып тұрған арқаннан өтуге жаттықтыру, жерден екі аяқпен бірдей итеріліп, арқанның дәл аяғының астынан өту сәтінде секіруді дамыта түсу

Барлығы: 108 сағат

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы : Т.О.О « Инсар Компаниясы» «Ар-Дана» балабақшасы

Топ/сынып: Мектепалды «Қарлығаш» тобы

Балалардың жасы 4-5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 2022-2023 оқу жылы

«Қазақ тілі» ұйымдастырылған қызметінің перспективалық жоспары

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекетінің міндеттері
Қыркүйек айы 1-апта	<p>1.Балаларды өз балабақшасы туралы әңгімелей білуге үйрету. балабақша туралы түсініктерін кеңейту. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Диалогке қатысуға үйрету. сөздерді сөз тіркесімен айтуға, сөйлем құрауға жаттықтыру, сөздегі қазақ тіліне тән дыбыстарды ойын жаттығуларында дұрыс айтуға дағдыландыру.</p> <p>2. Балабақша бөлмелерінің атын дұрыс айтуға үйрету . балабақша туралы шағын мәтін құруға үйрету. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. сөздерді сөз тіркесімен айтуға, сөйлем құрауға жаттықтыру, сөздегі қазақ тіліне тән дыбыстарды ойын жаттығуларында дұрыс айтуға дағдыландыру. Тілдік және артикуляциялық аппаратты, яғни сөзді анық, дұрыс айта білу дағдыларын дамыту. қазақ тілін үйренуге деген қызығушылықтарын тәрбиелеу.</p>
2-апта	<p>3.Топтағы заттардың атауын еске түсіру, жекеше, көпше түрде айтуға үйрету. не? нелер? сұрақтарына дұрыс жауап беруге жаттықтыру, жаңылтпаш жаттау. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту, сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету. игерген сөздерін қолданып, шағын мәтіндер құрауға дағдыландыру. топтағы заттарды таза ұстауға дағдыландыру арқылы тазалыққа тәрбиелеу.</p> <p>4.Балабақшадағы іс-әрекеттерін білу, сөйлемдердегі сөздерді байланыстырып сөйлеуге дағдыландыру. сөздерді сөз тіркесімен айтуға, сөйлем құрауға жаттықтыру. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Тақпақ жаттау. Шағын мәтіндер құрау үйрету. сөздегі қазақ тіліне тән дыбыстарды ойын жаттығуларында дұрыс айтуға дағдыландыру. ұқыптылыққа тәрбиелеу.</p>

3-апта	<p>5.Балабақша қызметкерлерінің лауазым атауларын қазақ тілінде айтуға үйрету. балабақшадағы қызметкерлерінің білу, қарапайым сұрақтар қою және оларға жай сөйлеммен жауап беруге үйрету. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. сөздерді сөз тіркесімен айтуға, сөйлем құрауға жаттықтыру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.</p>
	<p>6.Тыңдау және тілді түсіну дағдыларын қалыптастыру. балалардың сөздік қорларын байыту, ойыншықтардың қазақша аталуын есте сақтауға жаттықтыру. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. 2- 3 сөйлеммен затты сипаттай білу дағдыларын дамыту. Диалогке қатысуға үйрету. ойыншықтар туралы шағын мәтіндер құрауды дағдыландыру, сұраққа толық жауап беруді жетілдіру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.</p>
4-апта	<p>7.Ойыншықты меншіктеп айтуға, диалогке қатысуға үйрету. ойыншықтарды сипаттау, сөздерді байланыстырып сөйлеу дағдыларын қалыптастыру. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. ойыншықтар туралы шағын мәтіндер құрауды дамыту, сұраққа толық жауап беруді жетілдіру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. ойыншықтармен ұқыпты ойнауға тәрбиелеу.</p>
	<p>8.Игерген сөздерін қолданып, шағын мәтін құру дағдыларын дамыту. күз мезгілінің ерекшеліктерін қазақша айтуға үйрету. Қазақ тілінде сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету. Жаңылтпашты жатқа және жылдам айта білуге үйрету. қарапайым сұрақтарға жай сөйлеммен жауап беру, сөздік қорларын дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.</p>
Қазан айы 1-апта	<p>9.Жаңа сөздердегі дыбыстарды дұрыс айтуға машықтандыру, жаттықтыру. тақпақты жаттау, көгөністердің қазақша атауларын дұрыс айтып, диалог құруға үйрету. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. 2-3 сөйлеммен затты сипаттай білу дағдыларын дамыту. сөздік қорларындағы сөздерді белсенді қолдана білуге жаттықтыру, қарапайым сұрақтарға жай сөйлеммен жауап беру, сөздік қорларын дамыту. табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.</p>
	<p>10.Күнделікті жиі қолданылатын жемістердің атын білуге үйрету. жаңылтпашты жылдам әрі жатқа айта білуге үйрету. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. 2-3 сөйлеммен затты сипаттай білу дағдыларын дамыту. Диалогке қатысуға үйрету. сөздерді сөйлемдерде байланыстырып құрауға дағдыландыру, сөздік қорларын байыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.</p>
2-апта	<p>11.Сөздік қорларын жидектердің атымен толықтыру. қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Сөздерді байланыстырып, сөйлемдер құрауды дағдыландыру. 2-3 сөйлеммен затты сипаттай білу дағдыларын дамыту. Диалогке қатысуға үйрету. қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. Сұраққа толық жауап бере алу дағдыларын және артикуляциялық аппаратты дамыту.</p>
	<p>12.Өткен тақырыптар бойынша сөздерді қайталау, білімдерін бекіту. Білімділік міндеті: меңгерген сөздерді ауызекі сөйлеу тілінде қолдануға талпындыру. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. ойлау қабілеттерін дамыту, сұраққа толық жауап беруге машықтандыру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. бірлесе жұмыс істеуге тәрбиелеу.</p>

3-апта	<p>13.Сөйлемдерді дауыс ырғағымен түрлендіріп айтуға жаттықтыру. Білімділік міндеті: санамақтар жаттау, тура және кері санау. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Сөздерді сөйлемдерде байланыстырып құрауды дағдыландыру. қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. Дикцияны, яғни сөзді анық, дұрыс айта білу дағдыларын дамыту. .</p>
	<p>14.Педагогті тыңдау арқылы есте сақта мен зейінін жетілдіру. апта күндерінің қазақша атауын дұрыс айту, есте сақтауға үйрету. жаңа сөздердегі қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту, сөздік қорларын дамыту. артикуляциялық моторикасын жаттықтыру, сөйлеу кезіндегі тыныс алуды және дикцияны дамыту.</p>
4-апта	<p>15.Сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру. отбасы мүшелерінің атын қазақша айтуға, сөз тіркестерін дұрыс қолдануға үйрету, тақпақ, мақал-мәтел жаттау. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру, байланыстырып сөйлеуді дамыту. Тілдік және артикуляциялық аппаратты дамыту.</p>
	<p>16.Қарапайым сұрақтар қоюды және оларға жай сөйлеммен жауап беруді дағдыландыру, отбасы тақырыбын қайталау, бекіту. отбасы мүшелерінің атын қазақша айтуға, сөз тіркестерін дұрыс қолдануға үйрету, диалогке қатысуға үйрету. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру, байланыстырып сөйлеуді дамыту.</p>
Қараша айы 1-апта	<p>17.Тақырып бойынша сөздер үйрету, сөзді саналы түрде есте сақтауға жаттықтыру. қазақ тіліндегі сөздері дұрыс айтуға және оларды қолдана білуге үйрету, достық туралы түсініктерін кеңейту. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. сөздерді сөз тіркесімен айтуға, сөйлем құрауға жаттықтыру, сөздегі қазақ тіліне тән дыбыстарды ойын жаттығуларында дұрыс айтуға дағдыландыру</p>
	<p>18.Әр мамандық иелері туралы түсіндіру, адамдардың еңбектеріндегі өзара байланыстарды байқауға үйрету. мамандықтардың ерекшелігін түсіндіріп, байланыстырып сөйлеуге, жаңылтпаштар айтуға үйрету. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. сөздік қорларын байыту, дұрыс атау, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.</p>
2-апта	<p>19.Қазақ тіліндегі сыпайы сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету. сыпайылықты білдіретін сөздермен сөздік қорларын толықтыру, оларды күнделікті өмірде қолдана білуге дағдыландыру. қарапайым сұрақтарға жай сөйлеммен жауап беру, артикуляциялық моторикасын жаттықтыру, сөйлеу кезіндегі тыныс алуды және дикцияны дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.</p>
	<p>20.Сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру. қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Неше? нешінші? сұрақтарына жауап беруге жаттықтыру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. Артикуляциялық аппаратты дамыту.</p>
3-апта	<p>21.Шағын мәтін құруға жаттықтыру. сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, ретін сақтай отырып сөйлем құрауға жаттығуды жалғастыру. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Педагогтің көрсеткен үлгісі бойынша шағын мәтін құрастыра білу дағдыларын жетілдіру. қарапайым сұрақтарға жай сөйлеммен жауап беру, артикуляциялық моторикасын жаттықтыру, сөйлеу кезіндегі тыныс алуды және дикцияны</p>

	<p>дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. бөлмесін жинап жүруге тәрбиелеу.</p> <p>22. Отан туралы түсініктерін кеңейту. педагогтің үлгісі бойынша шағын мәтін құрастыруды дағдыландыру. Отан туралы тақпақ үйрету. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрай білу дағдыларын жетілдіру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. Тәрбиелік міндеті: Отанға деген сүйіспеншіліктерін тәрбиелеу.</p>
4-апта	<p>23. Ойын арқылы ойлау зейінін, білімдерін бекіту менгерген сөздерді ауызекі сөйлеу тілінде қолдануға талпындыру. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. ойлау қабілеттерін дамыту, сұраққа толық жауап беруге машықтандыру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.</p> <p>24. Мемлекеттік Рәміздердің қазақша атауын үйрету, сөйлеу мәдениетін жетілдіру. Мемлекеттік Туды сипаттай білуге үйрету, тақпақты жаттау. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту, ауызекі сөйлеу тілдерін жетілдіру. Отанға деген сүйіспеншіліктерін тәрбиелеу.</p>
	<p>25. Мемлекеттік Рәміздердің қазақша атын үйрету, сөйлеу мәдениетін жетілдіру. Мемлекеттік Елтаңбаны сипаттай білу үйрету, тақпақты жаттау. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Педагогтің көрсеткен үлгісі бойынша шағын мәтін құрастыра білу дағдыларын жетілдіру. қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту, ауызекі сөйлеу тілдерін жетілдіру. Отанға деген сүйіспеншіліктерін тәрбиелеу.</p> <p>26. Алматы қаласы туралы сөйлем құрап айтуға үйрету. : сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, тақпақ жаттау. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолдану дағдыларын қалыптастыру. сөздерді сөйлемдерге байланыстырып құрастыруды дағдыландыру. Қандай? сұрағына жауап беру дағдысын дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.</p>
Желтоқсан айы 1-апта	
2-апта	<p>27. Алған білімдерін тиянақтау. сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, мақал-мәтел, жұмбақ жаттау дағдыларын қалыптастыру. қазақ тіліндегі сөздерді дұрыс айта білу және оларды қолдана білу дағдыларын дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту, ауызекі сөйлеу тілдерін жетілдіру. жаңаны білуге деген құштарлықтарын арттыру және қайырымдылыққатәрбиелеу</p> <p>28. Алматы қаласы туралы білімдерін кеңейту. Білімділік міндеті: сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, жаңа сөздерді дұрыс айтуға жаттықтыру. Сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрай білу дағдыларын жетілдіру. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру, ауызекі сөйлеу тілдерін жетілдіру. : Алматы қаласын мақтан тұтуға тәрбиелеу.</p>
	<p>29. Шағын мәтіндер құрауды үйрету жалғастыру. қыс мезгілінің ерекшеліктерін қазақша айтуға үйрету, тақпақ, жаңылтпаш жаттауға және диалогке қатысуға үйрету. Педагогтің көрсеткен үлгісі бойынша шағын мәтін құрастыра білу дағдыларын жетілдіру. жаңа сөздерде қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту, қоршаған орта жайлы ұғымдарды қалыптастыру барысында сөздік қорды байыту және дамыту. қоршаған ортаны бақылату, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу</p> <p>30. Ертегіні сахналау, диалогке қатысуға үйрету. сөз тіркестерін, сөйлемдер құрауға, сұрақтарға толық жауап беруге</p>
3-апта	

	үйрету, ертегі кейіпкерлерінің сөздерін мәнерлеп, дауыс ырғағын келтіріп айтуды үйрету. есте сақтау қабілеттерін, балалардың байланыстырып, мәнерлеп сөйлеуін дамыту, сөздік қорларын дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.
4-апта	31.Ертегіні сахналау, диалогке қатысуға үйрету. Сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрай білу, өз ойларын дұрыс жеткізе білу дағдыларын және сөйлеу мәдениетін дамыту. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. сөздік қорларын, ертегі кейіпкерлерінің сөздерін мәнерлеп, дауыс ырғағын келтіріп айтуды дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.
	32. Жаңа Жыл мерекесіне байланысты сөздерді қазақша айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолданабілуге үйрету. Педагогтің көрсеткен үлгісі бойынша шағын мәтін құрастыра білу дағдыларын жетілдіру. сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру. Сөздерді байланыстырып сөйлеуге дағдыландыру. Артикуляциялық аппаратты, яғни сөзді анық, дұрыс айта білу дағдыларын дамытуды жалғастыру.
Қаңтар айы 1-апта	33.Ормандағы жануарлар мен құстардың атауларын дұрыс айта алу, білімдерін бекіту. сөздік қорларындағы сөздерді белсенді қолдана білуге жаттықтыру, қарапайым сұрақ қойып, оларға жай сөйлеммен жауап беруді дағдыландыру. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту, ажырата білу дағдысын дамыту.
	34.Киімінің қазақша атауларын еске түсіру, жаңа атаулармен таныстыру; Сөздік қорларындағы сөздерді белсенді қолдана білуге жаттықтыру, Сөздерді бірбірімен байланыстырып, сөйлем құрай білу дағдыларын жетілдіру. Киімдерін меншіктеп айта алуға үйрету. Киімдерді жекеше және көпше түрде айта алуға үйрету. сөздегі қазақ тіліне тән дыбыстарды ажырата алу дағдыларын дамыту. Артикуляциялық аппаратты дамыту. киімді ұқыпты, таза киюге тәрбиелеу.
2-апта	35.Қысты киімінің қазақша атауларымен таныстыруды жалғастыру; оларды топтай алуға үйрету. 2-3 сөйлеммен затты сипаттай білу дағдыларын дамыту. Сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету. Тақпақ жаттау үйрету. қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтып, игерген сөздерін қолданып, сөйлем құру дағдыларын дамыту.
	36.Ұлттық киімдермен таныстыру, олардың қазақша атауларын айтқызып, тілдерін жаттықтыру. қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Жай сөйлемдер құра білу дағдыларын қалыптастыру. зейін қойып тыңдау, көру, таныс сөздерді таба білу секілді қабілеттерін дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. ұлттық дәстүрлерді құрмет тұтуға тәрбиелеу.
3-апта	37.Дене мүшелерінің атқаратын қызметін айта алуға үйрету. қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Тақпақты жатқа айтуға дағдыландыру. Сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрай білу дағдыларын жетілдіру. жаңа сөздердегі қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға машықтандыру, тіл мәдениетін дамыту. Тілдік және артикуляциялық аппаратты дамыту
	38.Заттың атын, қимылын білдіретін сөздердің мағынасын түсіну және ауызекі тілде қолдануды дағдыландыру. тазалыққа байланысты сөздердің қазақша атауларын және осы сөздерді қатыстырып, сөйлем құрауға үйрету. Тақпақты

	жаттау жолдарын үйретіп, жатқа айта білу дағдыларын жетілдіру. жаңа сөздердегі қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.
4-апта	39. Таңертең не істейміз? сөздерді сөз тіркесімен айтуға, сөйлем құрауға жаттықтыру. өз іс-әрекеттерін айта алуға үйрету. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Шағын мәтіндер құрауға жаттықтыру. сөздегі қазақ тіліне тән дыбыстарды ойын жаттығуларында дұрыс айтуға дағдыландыру.
	40.Сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, ұлттық ыдыстардың атауымен таныстыру. қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрай білу дағдыларын жетілдіру. 2-3 сөйлеммен затты сипаттай білу дағдыларын дамыту. Жаңылтпашты жатқа және жылдам айта білуге үйрету. қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. Қарапайым сұрақтар қоюды және оларға жай сөйлеммен жауап беруді дағдыландыру. .
Ақпан айы 1-апта	41.Сөздік қорларын күнделікті ыдыс атауларымен молайту. қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Сөздерді сөз тіркесімен айтуға дағдыландыру. 2-3 сөйлеммен затты сипаттай білу дағдыларын дамыту. диалог құрып сөйлеуге дағдыландыру; қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтып, анықтай білуге жаттықтыру.
	42.Азық-түліктің қазақша атауларымен таныстыру. сөздік қорларын тағам атауларымен молайту. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрай білу дағдыларын жетілдіру. ойлау қабілеттерін дамыту, сұраққа толық жауап беруге машықтандыру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. ас қадірін білуге тәрбиелеу.
2-апта	43.Білім-дағдыларын бекіту; өткен сөздерді қайталау, бекіту. тақпақты зейін қойып тыңдауға, оның ішінен таныс сөздерді табуға жаттықтыру, сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету. Диалогке қатысуға үйрету. ойлау, елестету қабілеттерін дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. Артикуляциялық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, сұрақтарға жауап беру дағдыларын жетілдіру.
	44.Ұлттық тағам түрлерімен таныстыру. сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету. Сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрай білу дағдыларын жетілдіру. қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс, анық айтуға жаттықтыру.
3-апта	45.Ертегі кейіпкерлерінің іс-әрекеттерін, сөздерін мәнерлеп жеткізе білуге үйрету. қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрауды үйрету және диалогке қатысып, ауызекі сөйлеу тілдерін жаттықтыру. Тақпақты тыңдап, оның ішінен таныс сөздерді таба білу дағдыларын дамыту. ойлау қабілеттерін, артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды (і дыбысы) дұрыс айтуға жаттықтыру.
	46.Үй жануарлары мен олардың төлдерінің атауларын қазақша айтқызып үйрету. сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, үй жануарлары мен төлдерін топтай алуға жаттықтыру, мәтінді мұқият тыңдап, оның ішінен таныс сөздерді таба білуге жаттықтыру. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. ойлау қабілеттерін дамыту, сөздегі қазақ тіліне тән «ұ» дыбысын дұрыс айтуға дағдыландыру. Артикуляциялық

	аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту. үй жануарларына қамқор болуға тәрбиелеу.
4-апта	47.Ертегі кейіпкерлерінің іс-қимылын салуға, олардың сөзін дауыс мәнерімен келтіріп, диалогке қатыса білуге үйрету. қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Сөздерді байланыстырып сөйлемдер құрай білу дағдыларын жетілдіру, әрбір сөзді анық айтып, өз ойларын дұрыс жеткізе білуге үйрету. сөздік қорларын дамыту. Сөздердегі қазақ тіліне тән «қ» дыбысын дұрыс айтуға дағдыландыру.
	48.Заттың атын, қимылын білдіретін сөздердің мағынасын түсіну және ауызекі тілде қолдануды дағдыландыру. тазалыққа байланысты сөздердің қазақша атауларын және осы сөздерді қатыстырып, сөйлем құрауға үйрету. Тақпақты жаттау жолдарын үйретіп, жатқа айта білу дағдыларын жетілдіру. жаңа сөздердегі қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.
Наурыз айы 1-апта	49.Сөздік қорларын үй құстарының атауларымен толықтыру. қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрауға жаттықтыру. Үй жануарлары туралы алған білімдерін, яғни жаңа сөздерді бекіту. ойлау, зейін қойып тыңдау секілді қабілеттерін дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. Есту және мәтіннен таныс сөздерді таба білу қабілеттерін дамыту.
	50.Жабайы жануарлардың қазақша атауларымен таныстыру. қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Сөздік қорларындағы сөздерді белсенді қолдана білуге жаттықтыру, қарапайым сұрақ қойып, оларға жай сөйлеммен жауап беруді дағдыландыру. жаңылтпаш, ойындар арқылы тіл байлықтарын дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және дикцияны дамыту.
2-апта	51. сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру. «Қазақстан барысы» ертегісі арқылы сынын, қимылын білдіретін сөздердің мағынасын түсіну және ауызекі тілде қолдануды дағдыландыру. сөздік қорларындағы сөздерді белсенді қолдана білуге жаттықтыру, қарапайым сұрақтарға жай сөйлеммен жауап беру.
	52.Өткен тақырыптар бойынша сөздерді қайталау, білімдерін бекіту. меңгерген сөздерін ауызекі тілде қолдана білуге жаттықтыру. ойлау қабілеттерін дамыту, сұраққа толық жауап беруге машықтандыру. бірлесе жұмыс істеуге тәрбиелеу
3-апта	53.Көктем мезгіліне байланысты сөздерді қазақша айтуға үйрету. жыл мезгілінің ерекшеліктерін қазақша айта алу, суреттер туралы шағын мәтіндер құрастыруды дағдыландыру. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. сөздерді сөз тіркесімен айтуға, сөйлем құрауға жаттықтыру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.
	54.Балалардың сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, тілдерін жетілдіру. көктемгі еңбек түрлерін қазақша айта алу. Сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету. сөйлем құруда сөздерді ретімен қолдануға жаттықтыру, «Ө» дыбысын дұрыс айтуға жаттықтыру, артикуляциялық аппаратты дамыту.
4-апта	55. Жыл құстардың қазақша атауларымен таныстыру. жыл құстарды танып дұрыс атау, жаңылтпаштарды айтуға үйрету. Қимылын білдіретін сөздердің мағынасын түсіну және ауызекі тілде қолдануды дағдыландыру. Зат есімдерді

	жекеше және көпше түрде қолдану дағдыларын қалыптастыру. «Ұ» дыбысын дұрыс айтып, ажыратуға жаттықтыруды жалғастыру. Сөздерді сөйлемдерде байланыстырып құрастыруды дамыту. құстарға қамқор болуға тәрбиелеу
	56. Армысың, өз Наурыз! ұлттық мерекеге байланысты сөздерді қазақша айту және оларды түсіну дағдыларын қалыптастыру. : қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, өткенді еске түсіру. Сөздерді сөйлемдерге байланыстырып құрауды дағдыландыру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. : ұлттық салт-дәстүрлерге құрметпен қарауға тәрбиелеу.
Сәуір айы 1-апта	57.Сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, диалогке қатысуға үйрету. зейін қойып тыңдауға, қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. кейіпкер бейнесін көрсетуге ынталандыру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.
	58. түстерді қазақша айтуға үйрету. қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Балаларға сөйлем құратуда сын есімдерді пайдалануға үйрету: түсін сипаттай білуді меңгерту. Қандай? сұрағына жауап беруге үйрету. қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту, ауызекі сөйлеу тілдерін жетілдіру.
2-апта	59.Жаңа сөздермен таныстыру арқылы сөздік қорларын толықтыру. сөздерді дұрыс айтуға машықтандыру. Сөздерді сөйлемдерде байланыстырып құрастыруды дағдыландыру. Жаңылтпашты шапшаң және сөздерін анық айтуға үйрету. x сөздерді саналы түрде есте сақтап, күнделікті өмірде қолдану дағдыларын дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. Зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолдану дағдыларын қалыптастыру.
	60.Сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру. оқу құралдарын дұрыс атап, есте сақтау үйрету. Сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету. Педагогтің үлгісі бойынша шағын мәтіндер құрастыруды дағдыландыру. жаңылтпашты қайталау, дұрыс айтуға дамыту. Сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрай білу дағдыларын жетілдіру.
3-апта	61.Сөздік қорларын оқу құралдарының атаулармен толықтыру. сөздерді саналы түрде есте сақтауға және дұрыс айтуға тілдерін жаттықтыру. Сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету. сөздерді байланыстырып сөйлеуді, 2-3 сөзден сөйлем құруға жаттықтыру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.
	62.Меңгерген білім дағдыларын қайталау, бекіту. сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету. Қазақ тіліне тән дыбыстарды ажырата алу дағдыларын нығайту. есту, тілдік және артикуляциялық аппаратты, яғни сөзді анық, дұрыс айта білу дағдыларын дамыту.
4-апта	63.Өткен тақырыптарды қайталап, алған білімдерін тиянақтау. қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Сұрақ қоюға және сұраққа толық сөйлеммен жауап беруге жаттықтыру. ойлау, ауызекі сөйлеу белсенділігін арттыру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.
	64. тақырып бойынша жаңа сөздермен тіл байлығын жетілдіру. жайлау туралы түсінік беру, қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Тақпақ жаттау үйрету. Сурет туралы педагогтің үлгісі бойынша шағын мәтін құрастыруды дағдыландыру. сөздерді біріктіріп сөйлем құрау қабілеттерін дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.

Мамыр айы 1-апта	65.Киіз үй жабдықтарының қазақша атауларымен таныстыру. киіз үйі оның ішіндегі кейбір заттар туралы сөздерді айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. Сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету. Сурет туралы педагогтің үлгісі бойынша шағын мәтін құрастыруды дағдыландыру. сөздерді байланыстырып сөйлеуді, артикуляциялық аппаратты дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.
	66.Қазақ ою-өрнектерінің аттарымен таныстыру. сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, ұлттық салт-дәстүрлерге байланысты сөздерді айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. Сурет туралы педагогтің үлгісі бойынша шағын мәтін құрастыруды дағдыландыру. қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру, тілдік және артикуляциялық аппаратты дамыту.
2-апта	67. Қазақстан – ортақ үйіміз мерекелерге байланысты сөздерді айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Педагогтің көрсеткен үлгісі бойынша шағын мәтін құрастыра білу дағдыларын жетілдіру. Мақал-мәтелдерді айтуға үйрету. сөйлеу мәдениетін жетілдіру, сөздерді сөйлемдерге байланыстырып құрауға дағдыландыру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.
	68. көліктердің қазақша атауларымен таныстыру. қоршаған ортадағы заттардың атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Сөздерді бірбірімен байланыстырып, сөйлем құрай білу дағдыларын жетілдіру. Жаңылтпаштарды айтуға үйрету. қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту, ажырата білу дағдысын дамыту.
3-апта	69.Жаз мезгілінің ерекшелігін қазақша айтуға үйрету. жаз айларын қазақша айта білу, қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Педагогтің көрсеткен үлгісі бойынша шағын мәтін құрастыра білу дағдыларын жетілдіру, сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру.
	70. жаз мезгілінің ерекшеліктерін, жазғы қызықтарды айта алуға үйрету. қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Педагогтің көрсеткен үлгісі бойынша шағын мәтін құрастыра білу дағдыларын жетілдіру, сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру. сұрақтарға саналы түрде жауап беру дағдыларын дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.
4-апта	71. сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру. сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету. Қазақ ертегілерінің кейіпкерлерін танып, білуге үйрету, халық ауыз әдебиеті арқылы тілдерін жетілдіру байқампаздық, салыстыру, жақсы қасиеттерді түсініп, өз ойларын айтуды дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.
	72. Жұмбақ шешейік сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру; өткенді қайталап бекіту. : сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету. меңгерген сөздерімен сөйлем құрауға жаттықтыруды жалғастыру. қысқаша мәтін құруды дамыту, қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту, ажырата білу дағдысын дамыту.
Барлығы – 72 сағат	

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы : Т.О.О « Инсар Компаниясы» «Ар-Дана» балабақшасы

Топ/сынып: Мектепалды «Қарлығаш» тобы

Балалардың жасы 4-5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 2022-2023 оқу жылы

Сауат ашу негіздері ұйымдастырылған қызметінің перспективалық жоспары (3 рет аптасына)

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекетінің міндеттері
Қыркүйек айы 1-апта	1. Дыбыс туралы түсінік беру. дыбыс терминдері туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру
	2.Графикалық тапсырмаларды орындату арқылы мұқият жұмыс істеуде тәрбиелеу
	3.Дыбыс, буын, сөз ұғымдарын бекіту ұзын және қысқа сөздерге мысал келтіруге, дыбыстық талдау жасауға жаттықтыру
2-апта	1.Баланың сөз туралы түсініктерін қалыптастыру
	2.Сөздердің ұзынды-қысқалығын қолмен өлшеп, айыра білуге үйрету Сөздің дыбыстан құралатынын түсіндіру
	3.А дыбысы қандай сөздерде болатынын суреттер көрсету арқылы түсіндіру,А дыбысын хормен айтқызу
3-апта	1.Дауысы дыбыстар жуан,жіңішке болатынын айтып түсіндіру
	2.Жіңішке дауысты дыбыстармен таныстыру
	3.Жуан және жіңішке дыбыстардың негізгі ерекшеліктерімен таныстыру
4-апта	1.Дауыссыз дыбыстар туралы түсінік беру
	2.Дауысты дыбыстар туралы білгенін айту
	3.Тапсырмалар орындау арқылы дыбыстар орнын тапқызуға үйрету.
Қазан айы	1.Тапсырмаларды орындату арқылы зейіндерін, есте сақтау қабілеттерін дамыту.
	2.Ұяң дауыссыздарды қайталату арқылы естерінде сақтату

1-апта	3.Үнді дауыссыз дыбыстарды басқа дыбыстардан ажыратуға үйрету
2-апта	1.Үнді дауыссыздарды қайталату арқылы естерінде сақтату
	2.Дауыссыз дыбыстардың түрлерін ажыратуға жаттығулар жасату, қатаң, ұяң, үнді дауыссыздарды қайталату арқылы естерінде сақтату
	3.Дауыссыз дыбыстардың айтылу барысындағы ерекшелікті ұғындыру арқылы логикалық ойлау қабілеттерін дамыту
3-апта	1.Дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратуды үйретуді жалғастыру
	2.Тапсырмалар арқылы сұраққа толық, тиянақты, нақты жауап беруге дағдыландыру
	3.Сөздерді буынға түрлі әдістермен бөлуді үйрету
4-апта	1.Суреттерді өз сызбасымен дұрыс сәйкестендіру арқылы ойлау қабілеттерін, қиялын дамыт
	2.Басталған буынға буын қосып, сөз құрауға үйрету.
	3.Дидактикалық ойындар арқылы буындардан сөз құрай алу дағдыларын дамыту
Қараша айы	1.Дидактикалық ойындар арқылы буындардан сөз құрай алу дағдыларын дамыту
	2.Үш дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауға үйрету
1-апта	3.Дыбысты талдау жасату арқылы дауысты, дауыссыз дыбыстар туралы алған білімдерін естеріне түсіру
2-апта	1.Балалардың дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтай алу дағдыларын бекіту
	2.Дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратуларын жетілдіру
	3.Тақырыпқа сай дидактикалық ойындар арқылы дыбыс және дыбыстық талдау туралы алған білімдерін пысықтау.
3-апта	1.Қатаң, ұяң, үнді дауыссыз дыбыстарды айтылу барысында ажыратуды жетілдіру
	2.Берілген дыбысқа сөз құрап, сөздегі сол дыбыстың орнын анықтай алу дағдыларын бекіту
	3.Берілген дыбысқа сөз құрап, сөздегі сол дыбыстың орнын анықтай алу дағдыларын жетілдіру.
4-апта	1.«Дауыссыз дыбыстан басталатын сөз жалға» ойыны арқылы логикалық ойлауларын дамыту
	2. Берілген дыбысқа сөз ойлап айта білуге жаттықтыру.
	3.Сөздерді буынға бөлуді жалғастыру, берілген буынға сөз құрауды үйрету.
Желтоқсан айы 1-апта	1.Дауысты, дауыссыз дыбыстар туралы білімдерін бекітуге арналған тапсырмаларды орындату арқылы логикалық ойлау қабілеттерін дамыту
	2.Берілген буынға сөз құрай алу дағдыларын жетілдіру.
	3.Кері іс-әрекетті айт» ойыны арқылы сөйлем құрату арқылы шығармашылықпен ойлауларын дамыту
2- апта	1.Сызба бойынша сөздерді буынға бөлу, буындарды ретімен атай білу дағдыларын бекіту
	2.Әр дыбыстың сөздегі орны аса маңызды екенін түсіндіру
	3.Балаларды дыбыстың сөздегі орнын таба білуге үйрету.
3-апта	1.Өткен тақырыптарда алған білімдерін пысықтау

	2.Сөздерді буынға бөлу, буындарды ретімен айту және сызбамен белгілей алу дағдыларын бекіту
	3.Берілген буынға сөз құрай алу дағдыларын бекіт
4-апта	1.Ойындар арқылы шапшаңдық, төзімділік секілді қасиеттерін дамыту.
	2.Сөздерді буынға бөлу дағдыларын жетілдіру
	3.Балалардың білімін бекіту.
Қаңтар айы	1.Сөйлем құрау, дыбыстық талдау жасау іскерліктерін қалыптастыру.
1-апта	2.Сөзді буынға бөле алу дағдыларын бекіту.
	3.Сөзді буынға бөлу, дыбыстық талдау жасау, сөйлем құрай алу дағдыларын бекіту
2-апта	1.Буындарға буын қосып сөз құрап айтуға жаттықтыру арқылы зейін мен есте сақтауларын дамыту
	2.Сөздерге дыбыстық талдау жасай білу дағдыларын бекіту
	3.Графикалық жұмысты орындау кезінде фонематикалық естуді, сөйлеуді, зейінді, есте сақтауды, ұсақ қол моторикасын дамыту
3-апта	1.Төрт дыбысты сөзге дыбыстық талдау жасауды жетілдіру
	2.Сұраққа толық, тиянақты, нақты жауап беруге үйрету арқылы ауызекі сөйлеулерін дамыту
	3.Сөзді дыбыстық сызбасымен сәйкестендіруді үйретуді жалғастыру арқылы есте сақтау қабілеттерін дамыту.
4-апта	1.Сызба бойынша сөйлем құрауларын жетілдіру, сөзді дыбыстық сызбасымен сәйкестендіруді үйретуді жалғастыру
	2.Дыбыстық талдау жасау дағдыларын пысықтау.
	3.Төрт дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауды жетілдіру
Ақпан айы	1.Түрлі ойындар арқылы балалардың алдыңғы тақырыптар бойынша алған білімдерін пысықтау
1-апта	2.Ойындар арқылы логикалық ойлауларын, есте сақтау қабілеттерін дамыт
	3.Дыбыстық талдау жасай алу дағдыларын бекіт
2-апта	1.Сөзге дыбыстық талдау жасау дағдыларын жетілдір
	2.Суреттерден дауыссыз дыбыстан басталатын сөздерді тауып сөйлем құрату, қатаң, ұяң, үнді дауыссыз дыбыстардың анықтату арқылы ойлау қабілеттерін дамыту
	3.Сөйлем құрай білулерін, сөйлем сызбасын сыза білулерін жетілдіру
3-апта	1.Қатаң, ұяң, үнді дауыссыз дыбыстар туралы алған білімдерін пысықтау
	2.Сызбаға сәйкес сөйлем құрауға, сөздер ішінен мағынасына қарай артық сөзді таба білу дағдыларын жетілдіру.
	3.Дыбыстық талдауды үйретуді жалғастыру-
4-апта	1.Сөздердің жалпы атауын атауға, дыбыстық талдау жасауды үйретуді меңгерту
	2.Сөйлем құрауға, сөйлем сызбасын сызуға, сөйлемді мағынасына байланысты толықтыруға үйретуді жалғастыру

	3.Сөздердің жалпы атауын атауға, сөздерді буынға бөлгізуге, сөздің дыбыстық сызбасын сызуға жаттықтыру арқылы зейіндерін дамыту
Наурыз айы 1-апта	1.Сөйлем құрауға, сөйлем сызбасын сызуға, сөйлемді мағынасына байланысты толықтыруға үйретуді жалғастыру
	2.Сөздердің жалпы атауын атауға, сөздерді буынға бөлгізуге, сөздің дыбыстық сызбасын сызуға жаттықтыру арқылы зейіндерін дамыту
	3.Дыбыстық сызба бойынша жұмыс жасату арқылы дыбыстық талдау дағдыларын дамыту
2-апта	1.Сәйкестендіре білуге, буынға бөлуге, дыбыстардың түрлерін есте сақтауға жаттығулар жасату арқылы сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру
	2.Үйренгендерін қайталату, пысықтау
	3.Графикалық тапсырмаларды орындату арқылы мұқият жұмыс істеуде тәрбиелеу.
3-апта	1.Сөйлем туралы алған білімдерін пысықтау
	2.Сөйлем құрау және сөйлемді толықтыру, өз ойларын толық жеткізе білу дағдыларын жетілдіру.
	3.Төрт дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауды үйретуді жалғастыру
4-апта	1.Дыбыстық сызба бойынша жұмыс жасату арқылы дыбыстық талдау дағдыларын дамыту
	2.Суреттен іс-әрекетті білдіретін сөздерді анықтап айта білуге, сөздердегі буын санын анықтауды жалғастыру
	3.Өткен тақырыптарды пысықтау.
Сәуір айы 1-апта	1.Алдыңғы өткен тақырыптардан алған білімдерін пысықтау.
	2.Сөйлем құрау, дауысты дыбыстардың түрлерін анықтай отырып, буынға бөлу дағдыларын жетілдіру
	3.Сөзде түсіп қалған тиісті дыбысты табу, қандай да бір дыбысқа сөз құрау секілді тапсырмалар арқылы сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру.
2-апта	1.Дыбыстық талдауды жасауды үйретуді жалғастыру
	2.Буынға буын қосып, сөз құрауға жаттықтыру арқылы сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру.
	3.Сөйлем құрауға, сөйлем сызбасын сызуға, сөйлемді мағынасына байланысты толықтыруға үйретуді жалғастыр
3-апта	1. Сөйлем құрауға, сөйлем сызбасын сызуға, сөйлемді мағынасына байланысты толықтыруға үйретуді жалғастыр
	2.Сызба бойынша сөйлем құрау бойынша алған білімдерін бекіту
	3.Сызба бойынша сөйлем құрау бойынша алған білімдерін бекітусызба бойынша сөйлем құрау бойынша алған білімдерін бекіту
4-апта	1.Сызба бойынша сөйлем құрау бойынша алған білімдерін бекіту
	2.Сызбаға сәйкес сөйлем құрауға, сөздер ішінен мағынасына қарай артық сөзді таба білу дағдыларын жетілдіру.
	3.Дыбыстық талдауды үйретуді жалғастыру-
Мамыр айы	1.Дыбыстық сызба бойынша жұмыс жасату арқылы дыбыстық талдау дағдыларын дамыту
	2.Дыбыстық сызба бойынша жұмыс жасату арқылы дыбыстық талдау дағдыларын дамыту

1-апта	3.Сөздегі дыбыстың орнын табуға, дауысты, дауыссыз дыбыстарды, жуан-жіңішке дыбыстарды ажыратуға жаттықтыру
2-апта	1.Сөздегі дыбыстың орнын табуға, дауысты, дауыссыз дыбыстарды, жуан-жіңішке дыбыстарды ажыратуға жаттықтыру
	2.Графикалық тапсырмаларды орындату арқылы мұқият жұмыс істеуде тәрбиелеу
	3.Графикалық тапсырмаларды орындату арқылы мұқият жұмыс істеуде тәрбиелеу
3-апта	1.Дыбыс, буын, сөз ұғымдарын бекіту ұзынжәне қысқа сөздерге мысал келтіруге, дыбыстық талдау жасауға жаттықтыру
	2.Дауыссыз дыбыстардың түрлерін ажыратуға жаттығулар жасату, қатаң, ұяң, үнді дауыссыздарды қайталату арқылы естерінде сақтату
	3.Тыңдалған материал негізінде қарапайым сұрақтарға жауап қайтару.. Сөз/сөйлем сызбасын құру және оқу Тілдің дыбыстарын естіп қабылдау, оларды сөздер ішінен бөлу және сөзсіз жеке айту.
4-апта	1.Сөздегі дыбыстарды, олардың түрлерін (дауысты, дауыссыз, жуан және жіңішке дауыстылар) ажыратып, дұрыс дыбыстау. Сөйлеу барысында дауыс ырғағын сақтап, вербалды емес қарым-қатынас құралдарын (ым-ишара, қимыл), сөздерді (кешіріңіз, тыңдаңызшы! және т.б.) қолдану.
	2.Тілдің дыбыстарын естіп қабылдау, оларды сөздер ішінен бөлу және сөзсіз жеке айту. Сөздегі дыбыстарды, олардың түрлерін (дауысты, дауыссыз, жуан және жіңішке дауыстылар) ажыратып, дұрыс дыбыстау. Сөз бен сөйлемді ажыратып, сөздің, сөйлемнің мағынасын түсіну.
	3.Балалардың білімдерін бекіту. Сөздегі дыбыстың орнын анықтауға үйрету, жуан және жіңішке дыбыстарды ажырата білуге үйрету. Сөздерге сөйлем құрату арқылы сөздік қорларын байыту. Саусақ моторикасын дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.
	Барлығы-108 сағат

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы
негізінде 2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған
іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы : Т.О.О « Инсар Компаниясы» «Ар-Дана» балабақшасы

Топ/сынып: Мектепалды «Қарлығаш» тобы

Балалардың жасы 4-5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 2022-2023 оқу жылы

Сөйлеуді дамыту ұйымдастырылған қызметінің перспективалық жоспары

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекетінің міндеттері
Қыркүйек айы 1-апта	1.«Б» – «П» дыбыстарының ұқсастығын түсіндіру; Балаларды әңгімені жалғастырып айтуға үйрету 2.Мазмұнды жалғастырту арқылы ой- қиялдарын дамыту
2-апта	3.Жалпылама сөздерді дидактикалық ойын барысында түсіндіріп, үйрету.
	4.Суретке қарап әңгіме құрауды үйрету, баланың, сөздік қорын байыту. Бала бойындағы досына деген сенімділігін дамыту
3-апта	5.«Д» – «Т» дыбыстарын дұрыс айтуды үйрету; . Ойыншықтардың суретіне қарап, әңгіме құрай білуге үйрету
	6.Сұрақтарға толық жауап беруге дағдыландыру арқылы ауызекі сөйлеулерін дамыту.Ойыншықтарды бөлісіп, ұжыммен ойнауға тәрбиелеу
4-апта	7.Балалардың күз белгілері жайлы білімдерін кеңейту, күз мезгілінің ерекшеліктері жайлы әңгімелесу
	8.Отбасы туралы білімдерін кеңейту.
Қазан айы 1-апта	9.Сұрақтарға жауап бергізу арқылы ойлау
2-апта	10.«Г» – «К» дыбыстарымен таныстыру.
	11.Ертегіні соңына дейін тыңдауға үйрету
	12.Отбасының күзгі бақшадағы еңбектері жайлы әңгімелесу
3-апта	13.Отбасының еңбегі туралы шығармашылық әңгіме құрауға үйрету

	14.. Шаңғытбаевтың «Күзгі жапырақтар» өлеңінің мазмұнын түсіндіру арқылы күз мезгілін сипаттап айтуға үйрету
4-апта	15.Сұрақтарға жауап бергізу арқылы балалардың сөздік қорларын дамыту.
	16.Өлеңді жаттату;
Қараша айы 1-апта	17.Түбірлес сөздердің мағынасын түсіндіру.
	18.Әңгіме мазмұнын толық айту арқылы сөздік қорларын дамыту
2-апта	19.Дауыссыз дыбыстарды ажырата білуде дағдыларын дамыту
	20.Балаларды әңгімені толық тыңдап, мазмұнын айтуға үйрету
3-апта	21.Мақал-мәтел, жаңылтпаш жаттату арқылы сөздік қорларын дамыту.
	22.Әңгіме мазмұнын өз сөзімен жеткізе білуге, сюжеттік суреттер бойынша әңгіме құрауға үйрету
4-апта	23.Дыбыстарды түріне қарай ажырата алу дағдыларын дамыту.
	24. дыбыс түрлерін ажырата білуге баулу
Желтоқсан айы 1-апта	25.Балалардың ойлау қабілетін және тілін дамыту
	26. байланысты әңгіме құрай білуге үйрету
2-апта	27.Туған өлке, Отанды сүйуге баулу
	28.Кейбір дауыссыз дыбыстардың айтылуындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды ажырата білуге баулу.
3-апта	29.Мазмұны бойынша әңгімелесуге үйрету; балалардың өз сөзімен суреттеп, сөйлей білу қабілеттерін дамыту
	30.«Ажарлы қыс» үлгі суреті бойынша әңгіме құрауға үйрету
4-апта	31.Әртүрлі ойын арқылы, балалардың қимыл-қозғалысын дамыту
	32.Әңгімемен таныстырып, мазмұнын айтуға үйрету
Қаңтар айы 1-апта	33.Дидактикалық ойындар арқылы дыбыс туралы алған білімдерін бекіту
	34.Ақсақ құлан» аңызын мазмұны бойынша әңгімелету
2-апта	35.Балалардың тілдік қорларын байыту, аңшылық туралы ұғымдарын кеңейту
	36.Әңгімені оқып, сұраққа жауап беруге үйрету.
3-апта	37. Құрастыру қабілеттерін, шығармашылығын, дыбыстарды дұрыс айта білуін дамыту
	38.Қыс белгілері жайлы әңгімелесу.
4-апта	39.Балалардың қыс мезгілі жайлы білімдерін дамыту

	40.Балаларға өлең жаттатқызу, мақал-мәтел, жаңылтпашты қайталату, сөздік қорларын дамыту
Ақпан айы 1-апта	41.Қыс мезгілінің ерекшеліктерін түсіндіру.
	42.Өлең арқылы көлік түрлерінің маңызын түсіндіру
2-апта	43.Көліктер, олардың түрлері туралы түсінік беру.
	44.Сөздерде неше дауысты дыбыс болса, сонша буын болатынын түсіндіру
3-апта	45.Өлеңді жаттату арқылы мәнерлеп оқуға дағдыландыру
	46.Жыл мезгілдері туралы түсінігін қалыптастыру
4-апта	47.Өлеңді жаттату арқылы тілдік бейнелілігін сезінуге баулу
	48.Көркем тілдік дағдыларды қолдана білуді үйрету
Наурыз айы 1-апта	49.Ауыз әдебиеті шығармалары негізінде салт-дәстүр туралы түсінік беру
	50.Ұлттық дәстүрге қызығушылығын дамыту
2-апта	51.Көркем шығармаларды сахналауға үйрету
	52.Балаларды ертегіні рөлдерге бөліп сахналату арқылы әртістік қабілеттерін дамыту.
3-апта	53.Үй жануарларына қамқор болуға тәрбиелеу.
	54.Ертегіні мазмұны бойынша әңгімелету.
4-апта	55.Бала бойындағы шешендік қасиетті, сөздік қорларын дамыту
	56.Ғарышкер мамандығы туралы түсінік беру, тілдерін дамыту
Сәуір айы 1-апта	57.Дыбыстарды дұрыс дыбыстауға үйрету
	58.Балаларды үй жануарларына қамқор болуға тәрбиелеу
2-апта	59.Балаларға жайлау өлеңінің мазмұнын түсіндіру
	60.Дастарқан жасау жайлы әңгімелету арқылы сөздік қорларын толықтыру. Жаңа сөздерді меңгерту (қантсауыт, нан салғыш, шәйнек), сөйлем құрау барысында қосымшалы сөздерді дұрыс қолдана білуді үйретуді жалғастыру, жай сөйлем мен құрмалас сөйлемдерді ауызекі сөйлеуде дұрыс қолдана бәлуге жаттықтыру.
3-апта	61.«Өрмекші, құмырсқа және қарлығаш» әңгімесін мазмұны бойынша әңгімелеп айтуды үйрету
	62.Әңгімені тыңдата отырып, бала қиялын дамыту
	63.Сөйлем түрлері бойынша алған білімдерін пысықтау
4-апта	Әңгімеге тақырып қоя білуге үйрету
	64.Ертегі мазмұнын түсінікті түрде мазмұндай білуге жаттықтыру
Мамыр айы	65.Сөздердің дыбыстардан жасалатынын естеріне түсіру

1-апта	66.Ертегі мазмұнын түсінікті түрде мазмұндай білуге жаттықтыру
2-апта	67.Баланың сөйлеу және тыңдай білу, сұраққа жауап беру қабілеттерін дамыту
	68.Жаздың кезі көңілді» тақырыбына шығармашылық әңгіме құрастырту.
3-апта	69.Өлең мазмұнымен таныстырып, өлең шумақтарын жаттату.
	70.Ойыншықтар туралы әңгімелеу, өз ойларын еркін қарым-қатынас жасау арқылы дамыту.Ойыншықты ұқыпты ұстауға тәрбиелеу. Эстетикалық талғамын арттыру.
4-апта	71.Тақпақ жаттау арқылы балалардың тілдік қорын байыту, балалар әдебиетіне қызығушылықтарын дамыту.
	72.Алған білімдерін бекіту
	Барлығы 72 сағат

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы
негізінде 2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған
іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы : Т.О.О « Инсар Компаниясы» «Ар-Дана» балабақшасы

Топ/сынып: Мектепалды «Қарлығаш» тобы

Балалардың жасы 4-5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 2022-2023 оқу жылы

«Қоршаған ортамен таныстыру» ұйымдастырылған қызметінің перспективалық жоспары

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекетінің міндеттері
Қыркүйек айы 1-апта	<p>1. Заттардың адам өміріндегі маңызы. Не неден жасалады? Балаларға заттардың белгілері мен ерекшеліктері туралы білім беру. Қандай материалдан заттардың жасалатыны, және олардың сапасы жайлы түсініктерін кеңейту.</p> <p>Балаларды заттардың түрлерін сипаттауға, оларды қолдану кезіндегі қауіпсіздік ережелерін сақтауға тәрбиелеу.</p> <p>2. Бізді не қоршап тұр? .Өзіндік тәжірибеалдық жұмыстарды ұйымдастыру арқылы балалардың түсініктерін жетілдіру.</p> <p>Қоршаған ортаны аялауға тәрбиелеу; әлемді өз бетінше тануға баулу.</p>
2-апта	<p>3. Табиғатта не өзгерді? Тәжірибелік-тәжірибеалдық жұмысқа деген қызығушылықтарын ояту, бақылау нәтижелерін салыстыру, талдау және қорытынды жасау қабілеттерін шыңдау.</p> <p>Табиғатқа жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу.</p> <p>4. Нан қайдан келеді? Танымдық-ізденістік жұмыстарға деген талпынысын күшейту.</p> <p>Нанға, оны өсіріп, пісіретін адамдардың еңбегіне құрметпен қарауға үйрету.</p>
3-апта	<p>5. Себетке қандай саңырауқұлақ саламыз? Балаларға саңырауқұлақтардың түр-түсі мен атауларын үйрету.</p> <p>Құрбы-құрдастарымен және ересектермен емін-еркін сөйлесу кезінде танымдық-зерттеушілік қызметті дамыту. Табиғатты аялай білуге баулу</p>

	<p>6.Ағаш және бұта . Ағаштың, бұталардың атауларымен таныстыру және олардың түрлерін бір-бірінен өзіне тән ерекшеліктеріне қарай (жапырағы, жемісі, діңі) айыра білуге үйрету.</p> <p>Жақын маңда орналасқан ағаштар, бұталар мен шөптер туралы түсініктерін нығайту. Тірі нысанды суреттей білу қабілеттерін дамыту. Балалардың зейінін, жадын күшейту.</p> <p>Табиғатқа қамқорлықпен, жанашырлықпен қарауға үйрету. Рухани-ізгілік және эстетикалық сезімдерін қалыптастыру.</p>
4-апта	7.Біздің өлкемізде қандай жануарлар тіршілік етеді? Жабайы жануарлардың тіршілігі жайлы түсініктерін кеңейту
	8.Жануарлардың сырт келбетіндегі ерекшеліктері мен жылдың әртүрлі мезгіліндегі тіршілігі жайлы сипаттама жасау қабілеттерін қалыптастыру. Себеп-салдар байланысын анықтау қабілеттерін дамыту. Жануарлар әлемін сүюге баулу.
Қазан айы 1-апта	9. Барлық ағаштардың жапырағы түсе ме? Күзгі табиғаттағы маусымдық өзгерістерді бақылап, бір-бірінен ажырата білуге үйрету. Балалардың табиғатқа қатысты қарапайым білімдерін күшейтіп, табиғатпен қатынас жасау мәдениетін қалыптастыру. Баланың тұлғалық қасиеттерін дамыту.
	10.Жыл құстары .Қыста жылы жаққа ұшып кететін жыл құстары мен қыстап қалатын құстардың атын атап, бір-бірінен айыра білуге үйрету; құстардың пайдасы туралы түсініктерін нығайту. Табиғатқа қатысты қарапайым ғылыми түсінікті дамыту; заттарды салыстыру арқылы талдау қасиетін дамыту. Табиғатқа қамқорлықпен, жанашырлықпен қарауға үйрету. Этикалық және эстетикалық сезімдерін қалыптастыру.
2-апта	11.Ауылдағы адам еңбегі. Балаларды ауылдағы адам еңбе гімен таныстыру.
	12.Көлік түрлері. Көлік түлерімен таныстыра отырып олардың аттарын ататып есте сақтау қабілеттерін дамыту
3-апта	13.Қазақстан байлықтары мен жетістіктері Қазақстан жерінің байлықтарымен, жетістіктеріменру таныстыру.
	14.Жаяу жүргінші ережелері Балаларға жол ережесі, жол белгілері туралы білім беруді жалғасты
4-апта	15.Күзде табиғатта болатын маусымдық өзгерістерді бақылап, бір-бірінен ажырату және атауларын атап көрсетуге; себеп-салдар байланысын анықтауға үйрету. Тәжірибелік-тәжірибеалдық жұмысқа деген қызығушылықтарын ояту, бақылау нәтижелерін салыстыру, талдау және қорытынды жасау қабілеттерін шыңдау.
	16. Мамандық түрлері, олардың атқаратын қызметі, қоғамға келтіретін пайдасы туралы білімдерін толықтыру, жетілдіру
Қараша айы 1-апта	17.Балалардың нанның дастарқанға келу жолы туралы түсініктерін жетілдіру. Нанға, оны өсіріп, пісіретін адамдардың еңбегіне құрметпен қарауға үйрету
	18.Көлік түрлерімен таныстыруды жалғастыру, олардың қарапайым құрылысы және қажеттілігі

	жайлы ақпарат беру
2-апта	19.Арнайы көліктердің қызметі туралы айта алу, көліктерді топтай білу, олардың адам өміріндегі маңызы жайлы түсініктерін дамыту. Айналадағы қоршаған ортаға зейін қоя білу дағдысын қалыптастыру
	20.Балалардың табиғатқа қатысты қарапайым білімдерін күшейтіп, табиғатпен қатынас жасау мәдениетін қалыптастыру.
3-апта	21.Туған елдің салт-дәстүрлерімен таныстыру. Бесік жыры, тұсаукесер, бесікке бөлеу дәстүрлері туралы түсінік беру
	22.Салт-дәстүрлерге қызығушылықтарын ояту. Еліміздің салт-дәстүрі туралы білімдерін дамыту
4-апта	23.Қыста жылы жаққа ұшып кететін жыл құстары мен 1 қыстап қалатын құстардың атын атап, бір-бірінен айыра білуге үйрету; құстардың пайдасы туралы түсініктерін нығайту.
	24.Балаларға жол ережесі, жол белгілері туралы білім беруді жалғастыру
Желтоқсан айы 1-апта	25.Жол белгілерінің қауіпсіздік сақтаудағы маңызды ақпарат екенін саналарына жеткізу.
	26.Жаз және күз мезгілдерінің негізгі, маңызды белгілері бойынша түсінік беру
2-апта	27.Осы мезгілдерге тән табиғаттағы өзгерістер, өсімдіктер мен жануарлардың тіршілігіндегі өзгерістер, күн мен түннің ұзақтығы туралы білім беру.
	28.Судың адамзат тіршілігіндегі маңызы туралы түсініктерін нақтылау; судың қасиеттерімен таныстыру
3-апта	29.Танымдық мүмкіндіктерін арттыру; тәжірибе жасай білу дағдыларын дамыту
	30.Проблемалық жағдайларды шешуді үйрену. Жанды организмнің қоршаған ортамен байланысы туралы түсініктерін нығайту. Сөздік қорларына «эколог», «экологиялық апат» сөздерін енгізу
4-апта	31.Жабайы және үй жануарлары туралы білімдерін толықтыру.
	32.Балалардың нақты мекенжайын, тұрғылықты жерін атай білу дағдыларын қалыптастыру.
Қаңтар айы 1-апта	33.Балалардың балықтар, бақалар мен су жәндіктері және олардың тіршілігі жайлы түсініктерін кеңейту
	34.Балалардың бөлме өсімдіктері туралы білімдерін бекіту (атауы, құрылысы);өсімдіктерді салыстыра білу, олардың айырмашылығы мен ұқсастығын таба алу; олардың өсуіне қажетті жағдаймен таныстыру
2-апта	35.Практикалық жұмыс істеу дағдыларын арттыру; өсімдіктер туралы білімдерін дамыту.
	36.Өздерінің туған өлкелері туралы әңгімелеп айтуға үйрет
3-апта	37.Туған өлкелерінің көрнекті жерлері, табиғаты, халқы немен айналысатынын әңгімелету арқылы балалардың ауызекі сөйлеулерін дамыту
	38.Жанды табиғат бұрышын мекендеушілер, оларға күтім жасау жолдарымен таныстыру

4-апта	39.Жануарлар туралы түсініктерін кеңейту
	40.Балаларға өздері білетін халқымыздың салт-дәстүрлері туралы айтқызу.
Ақпан айы	41.Сурет арқылы «Бесікке бөлеу», Тұсаукесер», «Ашамайға отырғызу» рәсімдері туралы әңгімелету арқылы байланыстырып сөйлеу дағдыларын жетілдіру.
1-апта	42.Қыс және көктем мезгілінің белгілері туралы білімдерін тереңдету; осы мезгілдерге тән маусымдық құбылыстармен таныстыру
2-апта	43.Байланыстырып сөйлеу, жыл мезгілдерінің ерекшеліктерін теңеу сөздерді қолданып сипаттай алу дағдыларын дамыту
	44.Қыста жылы жаққа ұшып кететін жыл құстары мен қыстап қалатын құстардың атын атап, бір-бірінен айыра білуге үйрету; құстардың пайдасы туралы түсініктерін нығайту
3-апта	45.Жануарлардың (андардың) қоршаған ортадағы өзгерістерге бейімделуі туралы түсінік қалыптастыру
	46.Тәжірибелік-тәжірибеалдық жұмыстарға деген қызығушылықтарын ояту, бақылау нәтижелерін салыстырып, талдау және қорытынды жасау қабілеттерін дамыт
4-апта	47.Өсімдіктердің өсу, даму сатыларымен таныстыру; тәжірибе жасап, одан қорытынды шығара білуге үйрету; өсімдіктің жемісі, тұқымы туралы түсініктерін қалыптастыру
	48.Табиғатта өзін дұрыс ұстау ережелерін білу, оны орындау
Наурыз айы	49.Табиғат, оның байлығын қорғау, күту туралы түсініктерін кеңейту
1-апта	50.Балалардың өсімдіктердің көбею тәсілдері, оның өсуіне кері әсер ететін белгілі бір жағдайлар, өсімдіктің өсу және дамуының негізгі кезеңдері туралы түсініктерін кеңейту.
2-апта	51.Өсімдіктердің тірі ағза екенін және өсу үшін барлық тіршілік иесі секілді оларға да белгілі бір қолайлы жағдайлар қажеттігі туралы түсінік қалыптастыру.
	52.Аквариумда не тіршілік етеді
3-апта	53.Балаларға жайлау, киіз үйдің құрылысы және оның ішкі жиһаздары туралы мәлімет беру
	54.Киіз үй мен оның жиһаздарының пайдасы жайлы түсіндіре отырып, балалардың зейіндерін дамыту.
4-апта	55.Киіз үй құрал-жабдықтарының қандай эстетикалық талғаммен жасалғанын түсіндіре отырып, талғампаз болуға баулу
	56.Байланыс құралдарының қызметтері туралы түсініктерін кеңейту
Сәуір айы	57.Байланыс құралдарының қызметтері туралы түсініктерін кеңейту
1-апта	58.Біздің елімізде көптеген ұлт өкілдерінің тұратынын және қазақ халқының бауырмал халық екенін түсіндіру

2-апта	59.Әр ұлт өкілдерінің ерекшелігі, өздерінің салт-дәстүрлері бар екенін ұлттар достығы жайлы түсінік қалыптастыру.
	60.Үй жануарлары мен олардың төлдері; олардың адамға әкелетін пайдасы туралы түсініктерін жинақтау;
3-апта	61.Балаларды әскери мамандық түрлерімен және Ұлы Отан соғысы ардагерлерімен таныстыру
	62.Әскери қызметтерді ажырата білу дағдыларын дамыту
4-апта	63.Батырларды аты-жөндерімен атап және олардың ерліктерін әңгімелеу арқылы есте сақтау қабілеттерін дамыту
	64.Үй құстарының атауларын білу және оларды бірбірінен ажырата білу қабілеттерін нығайту.
Мамыр айы 1-апта	65.Балалардың үйде асырайтын жануарлар туралы түсініктерін кеңейту.
	66.Балалардың «адам, жануар және өсімдіктер үшін тіршілік көзі – ауа» деген түсініктерін кеңейту.
2-апта	67.Жансыз табиғаттағы заттар туралы түсінік қалыптастыру
	68.Балалардың өсімдіктерге күтім жасау, оларды өсіру тәсілдері туралы түсініктерін кеңейту Қылқан жапырақты ағаштар мен қарағай ормандарын мекендейтін жануарлар арасындағы байланыстар 1 10 туралы түсінік қалыптастыру
3-апта	69.Балалардың балықтар, бақалар мен су жәндіктері және олардың тіршілігі жайлы түсініктерін кеңейту
	70.Балалардың табиғаттағы маусымдық өзгерістер жайлы; сүңгі, тамшы сынды құбылыстар туралы түсініктерін кеңейту
4-апта	71.Балалардың бойында түрлі өсімдіктердің өсетін жері (далалық, шабындық, орман, егіс алқабы, бақша және т.б.), аймақтың ерекшелігіне қарай өсетін: жантақ, сексеуіл, бетеге, құм акациясы, ебелек (қаңбақ), жүзгін сынды өсімдіктер туралы түсінік қалыптастыру
	72.Балалардың бойында дәрілік өсімдіктердің кейбір түрлері және олардың емдік қасиеттері туралы түсінік қалыптастыр
	Барлығы 72 сағат

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы : Т.О.О « Инсар Компаниясы» «Ар-Дана» балабақшасы

Топ/сынып: Мектепалды «Қарлығаш» тобы

Балалардың жасы 4-5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 2022-2023 оқу жылы

«КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТ» ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ҚЫЗМЕТІНІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекетінің міндеттері
Қыркүйек айы 1-апта	<p>1.Жақсы мен жаман өлеңді жаттау) Рақым Тышқанбаев Өлеңді мәнерлей оқи отырып, логикалық екпінмен, үзілістермен жаттауға үйрету. Сурет бойынша әңгіме құрастыруда эмоциялық-бейнелік мазмұнды баяндау суреттегі кейіпкерлерді атау, оларға сипаттама беру.</p> <p>Сюжет бойынша шығармашылықпен әңгімелеуде эпитеттерді, теңеулерді қолдану, ойлау қабілеттерін дамыту. Жақсы тұлға болып өсуге, жақсылық жасауға тәрбиелеу</p> <p>2. Өртүрлі қуыршақтарды қолдана отырып, олармен ойнау тәсілдерін игере білуді дамыту. Өртүрлі дауыс күшін қолдана отырып, кейіпкердің бейнесін бере білуді, өз әрекетін серіктесінің әрекетімен сәйкестендіре отырып, түрлі ырғақта қозғалуды қалыптастыру, кейіпкердің ерекшеліктерін беру үшін мәнерлілік құралдарын қолдану; тапқырлыққа, шыдамдылыққа тәрбиелеу.</p>
2-апта	<p>3.Мен атама тартқанмын әңгімесін тыңдату, үлкен адамның айтқан нақыл сөздеріне көңіл білдіру.Қазақтың мақал мәтелдеріндегі ұлағатты сөздер арқылы тәрбиелеу.</p> <p>4.«Менің әжем»Өлеңнің мазмұнын түсініп, оны жаттай білуге үйрету, есте сақтау, ойлау қабілеттерін жетілдіру. Кішіпейілдікке, қамқорлыққа тәрбиелеу.</p>
3-апта	<p>5. Балаларды әр түрлі мамандықтар иесімен таныстыру. Сурет бойынша қойылған сұрақтарға толық жауап беруге дағдыландыру арқылы зейіндерін дамыту.Мамандық таңдауға қызығушылықтарын тудыру.</p> <p>6. Балалардың сөйлеу қабілетін ертегі арқылы дамыту, сахналау барысында достық қарым-қатынасты жетілдіру. Сөздік қорын молайту, дыбыстарды анық айтуға үйрету, кейіпкерлердің іс - әрекеті мен дауыс ырғақтарын сәйкестендіре іс - әрекет жасай білуге баулу, кейіпкердің ерекшеліктерін беру үшін мәнерлілік құралдарын қолдану; достықты, туыстықты қадірлей білуге тәрбиелеу.</p>

4-апта	7. «Үйшік» ертегісімен таныстыру, театрландырылған ойындар арқылы балалардың тілін дамыту. Ертегінің мазмұнын түсіндіру арқылы сөздік қорын, сөйлеу мәдениетін, ойлау қабілетін дамыту, сахналау барысында жағымды - жағымсыз кейіпкерлердің бейнесіне еніп, олардың мінез - құлқын келтіру, түрлі дауыс күшін қолдана білуді жетілдіру, үйлесімді қимылды дамыту, кейіпкердің ерекшеліктерін беру үшін мәнерлілік құралдарын қолдану; балаларды достыққа, татулыққа тәрбиелеу.
	8. Достыққа, татулыққа, бауырмашыл болып өсуге баулу, өзара татулық сезімдерін дамыту, достықты қадірлей білуге тәрбиелеу.
Қазан айы	9.Қазақстан Республикасы туралы әңгімелеу. Ой-өрісін дамыту. Еліне, жеріне, Отанына деген сүйіспеншіліктерін арттыру.
1-апта	10.Балалардың қала, ауыл және астана туралы түсініктерін тиянақтау. Ой-өрісін дамыту. Елін,жерін, туған қаласын сүйуге тәрбиелеу.
2-апта	11.Ертегінің мәнін ықыласымен тыңдауға баулу,оқылған ертегіні дұрыс түсінуге,ойларын тиянақтау,сөздік қорын байыту,жақсылық жасауға тәрбиелеу.
	12.Әңгімені мәнерлеп оқып мазмұнын түсіндіру. Достық қатынасты бағалай білуге баулу. Достаса білуге, адал достыққа тәрбиелеу.
3-апта	13. Жылдың төрт мезгіліндегі құбылысты салыстыру және айыра білу. Қоршаған ортаға деген сүйіспеншіліктерін арттыру.
	14. балалардың көгөністер мен жемістер, ағаштар туралы түсініктерін бекіту. Балаларды орман жидектері мен саңырауқұлақтарын тануға үйрету;
